

Аралық жерлер туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 30 маусым 1993 ж. N 263-ө

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасында жерлерді республика аралық пайдалануды реттеу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу жұмысын аяқтау үшін:

1. Мынадай құрамдағы жұмыс комиссиясы құрылсын:

Оспанов Б.С. - Қазақстан Республикасының жер қатынастары

және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік
комитетінің төрағасы (комиссия төрағасы)

Үркімбаев М.Ф. - Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі

Шавернев В.В. - Қазақстан Республикасының жер қатынастары

және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік
комитетінің жерді пайдалану мен қорғауға
мемлекеттік бақылау жасау бөлімінің бастығы

Жұманов Т.Ж. - Оңтүстік Қазақстан облыстық жер қатынастары

және жерге орналастыру жөніндегі комитетінің
төрағасы

2. Аталған комиссияға:

Қазақстан Республикасы Оңтүстік Қазақстан облысының шекарасында Өзбекстан республикасының шаруашылықтары мен Өзбекстан Республикасының аумағында Оңтүстік Қазақстан облысының шаруашылықтары пайдаланатын жерлерді қайтару жөніндегі;

Оңтүстік Қазақстан облысына қайтарылатын жерлерде Өзбекстан Республикасы ұйымдастырған Жамбыл атындағы және Ахунбабаев атындағы совхоздарды беру шартын белгілеу жөніндегі ұсыныстар әзірлеу жүктелсін.

Аталған мәселелер бойынша материалдар Өзбекстан Республикасының тиісті комиссиясы зерттегеннен кейін 1993 жылғы қыркүйектің 1-іне дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне тапсырылсын.

3. Қазақ КСР Министрлер Кабинеті Премьер-министрінің 1991 жылғы көкектің 22-індегі N 63 өкімі Өзбек КСР-і шаруашылықтарының Қазақ КСР-і Шымкент облысының

аумағында және Қазақ КСР-і Шымкент облысы шаруашылықтарының Өзбек КСР-інің аумағында жерлерді пайдалану жөніндегі жұмыс комиссиясын құру бөлігінде күшін жойған деп танылсын.

Премьер-министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК